



Жарасбай Қабдоллаұлы Сүлейменов

Өмірбаян.

Жарасбай Қабдоллаұлы Сүлейменов 1949 жылы 9 шілдеде Солтүстік Қазақстан облысы Сергеевка ауданының Балуан ауылында туған. Қазақ. Әкесі - Сүлейменов Қабдолла. Анасы - Сүлейменова Бағира. Петропавл педагогикалық институтын бітірген (1981), тарих және қоғамтану пәнінің мұғалімі. Қазақ және орыс тілдерін біледі. «Нұр Отан» ХДП мүшесі (2006 жылдан).

1966 жылдан - СҚО Сергеевка ауданының «Семипольский» кеңшарының шопаны, механизаторы. 1969 жылдан - Кеңестер Армиясы қатарындағы қызметте. 1971 жылдан - Солтүстік Қазақстан облыстық «Ленин туы» газетінің тілшісі, белім меңгерушісі. 1987 жылдан - Солтүстік Қазақстан облыстық радиосы бас редакторының орынбасары. 1990 жылдан - СҚО бойынша Қазақ радиосының меншікті тілшісі. 1998 жылдан - Солтүстік Қазақстан облыстық телерадио компаниясының комментаторы, директорының орынбасары. 2003 жылдан - Солтүстік Қазақстан облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінің директоры, бас редакторы. 2007 жылдан бері - ҚР Парламенті Мәжілісі «Нұр Отан» ХДП партиялық тізімі бойынша 4-ші шақырылымының депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі.

«Достық» орденімен (2005); «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» (2005), «Астананың 10 жылдығы» (2008) медальдарымен марапатталған. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты (1986). СҚО Құрметті азаматы (2006).

Әскери атағы - медицина қызметінің аға сержанты. Саяси қайраткер ретіндегі идеалы - Б.А. Әшімов.

Қазақстанның болашағы туралы болжамы - «Қазақстан әлемдік қауымдастықтан әрқашан өз лайықты орынын алатын болады».

Үйленген. Жұбайы - Сүлейменова Ақжәми Ахметғалиқызы (1951 жылы туған), үй шаруасымен айналысады. Қызы - Дана (1971 жылы туған); ұлы - Олжас (1976 жылы туған).